

Педагогикалық кеңестің

№ 1 Хаттамасы

24.09.2021 ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.
 2. «Бала біздің болашағымыз»
 3. Сабақ барысында спорттық, дидактикалық ойындар енгізу.(пікір алмасу).
 4. ТІЛ дамыту материалдарын дайындау, қолдану әсістері.
- 3.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері С.Мадина сөз алды. Өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталып өтті. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеттерінде бағдарламадан тыс ауытқулар болмауды , бағдарлама бойынша жұмыс жасауды талап етті. Балалардың танымдық қабілеттерін шыңдау қажет деді. Аталған мәселелерді қазіргі таңда орындауға тиісті шаралар жүргізіліп жатыр деп балабақша әдіскері көрсетіп өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Т.Күмісай баяндама оқыды.

Үшінші мәселе бойынша түрлі спорттық, дидактикалық ойындар туралы сөз болды.Тәрбиешілер өз пікірлерін айта отырып балалардың дұрыс өсіп жетілуіне, жастайынан спортқа қабілетін арттыру мәселесін талқылады.

Төртінші мәселе бойынша балабақшамыздың меңгерушісі А.Салтанат ханым сөз алды. Ол балалардың тілін дамыту сауат ашудың бірінші сабағынан басталып, оқуды грамматикаға үйретуге арналған сабақтарда үзбей жүргізіліп отырылуын тапсырды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары таңдалып алынды және оған балабақша меңгерушісі қол қойып бекітті.

Төрайым ы: С.Атыгаева

Хатшы: Телқожаева К



Педагогикалық кеңестің

№ 2 Хаттамасы

29.11.2021 ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешілдерінің орындалуы туралы.
 2. Жаңа технологияларды ұйылдастырылған оқу іс әрекетінде тиімді пайдалану
 3. Бейнелеуге үйренудегі қолданылатын техникалық әдістерін талдау, пікір алмасу
 4. Шығармашылыққа; яғни музыка әуені мен би өнеріне балабарды бейімдеу тәсілдері.
- 3.Тәрбиешілерге аттестациялық сұрақтар қою.

б.Ашық сабақты талқылау.

Тындалды: Балабақша меңгерушісі С.Атыгаева сөз алды. Ол өз сөзінде дүние жүзінде соның ішінде Қазақстанда толық жетілген тұлғаны тәрбиелеу және соған байланысты әлеуметтік экономикалық психологиялық мәселелер күннен-күнге күрделене түсуде. Бүгінгі күні әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Солүшін де біздің міндетіміз балаларды жан -жақты тәрбиелеу оның дүние танымын жетілдіру иманды,білімді,ибалы етіп тәрбиелеу,еңбекке баулу,саналы,сауатты азаматтарды тәрбиелеу болып табылады. Ол үшін балалардыңтілін дұрыс дамытуымыз қажет.Тіл ұлттыңтарихы мен мәдениетін,әдетғұрпын тыныс тіршілігін ұрпақтан- ұрпаққа жеткізуші негізгі құрал. Сондықтан да, тәрбиешілер өздері ізденіс жасап, шығармашылық жұмыс тәжірибесін толықтырып,дамытып отыруы тиіс.

Екінші мәселе бойынша жаңа технологияларды ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде тиімді пайдалану туралы мәселе қозғалды. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланыңтабиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалықтехнология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Үшінші мәселе бойынша бейнелеу өнеріндегі техникалық әдістерді қолданып бейнелеуге қолданылатын техникалық әдістерді талдапдалай қолдануына байланысты пікір алмасу болып өтті.

Төртінші мәселе баланың би өнері және музыка мен айналысқан кезінде дамитын табиғи форма болып табылады. Нәтижесінде музыкалық туындыларды қабылдаудың көптурлілік, әрқырлылық сияқты балалардың алғашқы шығармашылық қабілеттілігі дамып, қалыптасады. Осындай шығармашылықтың әрекеті, балалар өнер әлеміне бойлай еніп, олардың куш-қуаты дамып, музыка мен би өнерінің құндылығын жан -тәнімен сезініп, сұлулықты тусіне отырып, оны көркем ойлау жүйесіне айналдырып, өз шығармашылығын көрсете алады.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиешілерге аттестациялық сұрақтар қойыла отырып, мектепке дейінгі балаларға мектеп алды даярлық жағдайында тәрбие мен білдім беру мазмұнын жаңарту арысындағы әдістемпелік әдебиеттерді талдау, ғылыми негіздерін белгілеу. Және де мектеп алды даярлық жағдайында тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңарту әрекетін дамыту әдістемесін жасау міндеттелді.

Бесінші мәселеде ашық сабақтар талқыланды.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Атыгаева

Телқожаева К

Педагогикалық кеңестің

№ 3 Хаттамасы

26.01.2022 ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Өткен педкеңестің шешімдерін орындалуы туралы.
2. Адамның табиғатқа берер пайдасы-табиғаттың адамға берер пайдасы (пікір талас)
3. Табиғат лирикасы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С.Атыгаева сөз алды. Ол өз сөзінде дүние жүзінде соның ішінде Қазақстанда толық жетілген тұлғаны тәрбиелеу және соған байланысты әлеуметтік экономикалық психологиялық мәселелер күннен- күнге күрделене түсуде. Бүгінгі күні әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Сол үшін де біздің міндетіміз балаларды жан -жақты тәрбиелеу оның дүние танымын жетілдіру иманды,білімді,ибалы етіп тәрбиелеу,еңбекке баулу,саналы,сауатты азаматтарды тәрбиелеу болып табылады. Ол үшін балалардың тілін дұрыс дамытуымыз қажет.Тіл ұлттың тарихы мен мәдениетін,әдет-ғұрпын тыныс тіршілігін ұрпақтан- ұрпаққа жеткізуші негізгі құрал. Сондықтан да, тәрбиешілер өздері ізденіс жасап, шығармашылық жұмыс тәжірибесін толықтырып,дамытып отыруы тиіс.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер ортасында пікір талас болды. Табиғаттың адамға берері көп. Жер асты кен байлықтары-таптырмайтын қазына. Таза ауа, су, орман бәрі табиғаттың сыйы. Сусыз өмір жоқ. Су тек адамға ғана емес, бүкіл тіршілік иесіне қажет. Суды ішеміз, жуынамыз, ондағы байлықтарды қолданамыз.Ормандарда аңдар, құстар бәрі адам үшін. Табиғат осындай тамаша.

Үшінші мәселе бойынша табиғат адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына , тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды.

Төрайымы:



С.Атыгаева.

Педагогикалық кеңестің

№ 4 Хаттамасы

28.03.2022 ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Өткен педкеңестің шешім-ң орындалуы туралы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылықтақырыптарына есеп беру.
3. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту.
4. Қортынды мониторингтуралы.
- 3.Жан-жақты тексеру қортындысы туралы.
6. Балалардың ұжымдық жұмысының қорытындысы.
7. Ашық сабақтарды талқылау.

Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Атыгаева сөз алды. Ол өз сөзінде бүкіл әлемде болып жатқан індеттен сақтануды , денсаулықты сақтау технологияларын түзету-дамыту жұмысын кеңінен қолдану. Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын , сырқаттанушылық үлесін азайту және сауықтыру іс-шараларын күнделікті режим сәтінде қолдану.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілердің шығармашылықтақырыптары талқыланып, жазылған баяндамалары тыңдалды.

Үшінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілді.Балалардың жазғы күндерін қалай қызықты өткізуге болатыны жайлы пікірлер айтылды.

Төртінші мәселе бойынша балалар мен тәрбиешілердің жылдық қорытынды мониторингысы жасалды.

Бесінші мәселе бойынша жан-жақты тексеру қортындысы туралы мәселе қаралып, кем-кетістігін туралау туралы шешім қабылданды.

Алтыншы мәселеде балалардың жан-жақты дамуы, бір жылдық ұжымдық тәрбиесінің қалыптасуы, үлгерімі туралы тәрбиешілер қорытынды жасады.

Жетінші лләселе бойынша жыл бойына өтілген ашық сабақтарды балабақша
ллеңгерушісі С.Атыгаева ханылл талқылап,жақсы өткізілген ашық сабақтарды атап
өтті.Алдағы уақытта осы дәрежеде жұллыс жүргізуін ерекше
айтып өтті.

Төрайыллы:

Хатшы:



С.Атыгаева

К.Телқожаева